



Бюро
в Алматы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ



Kazakhstan
National Federation
of UNESCO Clubs
Қазақстандық
Ұлттық ЮНЕСКО
Клубтарының
Федерациясы



**ҚАЗАҚСТАН ЮНЕСКО КЛУБТАРЫНЫҢ
IV ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ**
Қазақстандағы жастар жылы мен Қазақстандық ұлттық ЮНЕСКО Клубтары
Федерациясының 10-жылдық мерейтойы аясында
18-28 маусым 2019, Алматы қ.

ЖАЛПЫ ШАРТТАР

Байқауды ұйымдастырушылар: Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Қорымен бірге.

Қолдағандар: Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт Министрлігі, Алматы қаласының Әкімшілігі, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы жанындағы мектеп-интернат, колледжі – ЮНЕСКО Клубы, П. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі – ЮНЕСКО Клубы, Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік Бюросы және Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО Клубтары.

1. НЕГІЗГІ АҚПАРАТ:

Шығармашылық Академиясы – бұл Қазақстан жастары үшін өнері және жеке таланты арқылы өз сөзін айтуға, өзін танытуға мүмкіндік беретін бірегей алаң. Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО Клубтарының мүшелері шығармашылық және ғылыми әлеуетін дамытып қана қоймай, сонымен қатар жетекші мамандар мен мәдениет қайраткерлерінен білімінің барлық саласынан қосымша білім ала алады.

2019 жыл Қазақстанда жастар жылы деп жарияланған. Бүгінде Қазақстан болашаққа жоспар құрып, даму векторларын айқындап жатқанда жүрегі патриоттық сезімге толы, әлеуметтік жауапкершілікті сезінетін жігерлі жастарға сенім артылып, елдің тергі болатыны сөзсіз. Өскелең ұрпақты елімізді жандандыру үрдістеріне ат салысып, өз үлестерін қосуға насихаттау бағытында тәрбиелеуіміз қажет.

Қазақстанның ЮНЕСКО Клубтарының IV Шығармашылық Академиясы Қазақстандағы жастар жылы мен Қазақстандық ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясының 10-жылдық мерейтойы аясында өткізіледі және «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын жылжытуға арналған.

2019 жылғы жаңа форматқа сай, құзырлы әділқазылар алқасы 6 номинация бойынша Қазақстанның барлық аймақтарынан келген сұранымдардың ішінен Академияға ең үздік 50 қатысушыны таңдап алады. Академияның 10-күндік бағдарламасы үш бөлімнен тұрады: шығармашылық, көшбасшылық және тәлімгерлік.

Академия барысында білім беру сағаттары, мастер-класстар, көшбасшылық тренингтер мен төзімділік, жаһандық азаматтық тақырыптарындағы тренингтер ұйымдастырылады және еліміздің жетекші Жоғарғы оқу орындарының үздік

мамандарынан дәріс алады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының сыйлығының лауреаттары, өнер мен ғылым саласының майталмандарының қатарынан тәлімгер тағайындалады. Олар Академия студенттерімен өз тәжірибелері мен білімдерімен бөлісіп, жобаның қорытынды бөліміне дайындалуға көмектеседі.

Жаңа форматтағы ЮНЕСКО клубтарының IV Шығармашылық Академиясы ұрпақтар арасында сабақтастықты орнатып, білім берудің инновациялық әдістерін қолдана отыра, еліміздің шығармашылық және ғылыми салаларының мамандарын дайындауға айтарлықтай үлесін қосады. Бұл жоба Қазақстанның барлық аймақтарындағы кез келген әлеуметтік жағдайдағы дарынды балалар мен жастарға мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы ЮНЕСКО-ның алдыңғы қатарлы бағдарламаларына жол ашып қана қоймай, әртүрлі салалардың жетік мамандарымен жұмыс істеу арқылы өз потенциалын арттырып, өзін көрсетуге мүмкіндік а.

IV Шығармашылық академияның мақсаты:

Білім берудің инновациялық әдістерін енгізу арқылы Қазақстан Республикасының дарынды өскелең ұрпағын дамыта және қолдай отыра, мемлекеттің шығармашылық және ғылыми болашақ әлеуетін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Академияның білім беру бағдарламасына ҚР барлық аймақтарының дарынды жастарын олардың әлеуметтік мәртебесіне қарамай анықтау және тарту;
- ҚР өскелең ұрпағының шығармашылық және ғылыми әлеуетін дамыту;
- Өнер, мәдениет, білім беру және ғылым салаларының жетекші қайраткерлерін балалармен жұмысқа тарту;
- Инновациялық білім берудің халықаралық стандарттары мен озық тәжірибелерін енгізу арқылы Шығармашылық Академия оқушыларының өй-өрісін кеңейту;
- Білім беру, ғылым, мәдениет, ақпарат пен байланыс саласында ЮНЕСКО бағдарламаларының негізгі компоненттерін енгізу;
- Жастарға білім беруде үздік тәжірибелерді қолдану, тұрақты даму мен халықаралық ынтымақтастықты насихаттау;
- БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі Күн тәртібін және Тұрақты Даму Мақсаттарын іске асыруға үлес қосу;
- ҚР жастарының көшбасшылық қасиеттерін, белсенді азаматтық позициясын дамыту, толерантты ойлауды қалыптастыру;
- Тәжірибие алмасу және кәсіби шеберліктерін арттыру;
- Кәсіби тағдырларын шешуге көмектесу және еліміздің жетекші колледждері мен ЖОО-на түсуге дайындау;
- Қазақстанның өнері мен ғылымын дәріптей отыра, еліміздің жас ұрпақ өкілдерінің арасында байланысты нығайту;
- ЮНЕСКО негізгі мұраттары мен қағидаларын алға бастыру мақсатында Қазақстан Республикасында ЮНЕСКО Клубтық қозғалысын дамыту.

Білім беру бағдарламасы:

Бағдарлама келесі **бағыттар** бойынша құрылатын болады:

- бейнелеу өнері;
- музыка өнері;
- вокалдық өнер;
- хореографиялық өнер;
- қарым-қатынас қабілеттері және ораторлық өнер;

- ғылыми-зерттеу жұмысы және жобалар жазу.

Көшбасшылық:

IV Академия шеңберінде келесі тақырыптарда қосымша тренингтер мен шеберлік сыныптар ұйымдастырылатын болады:

- мәдениетаралық қарым-қатынас;
- көшбасшылық қасиеттерді анықтау және нығайту;
- мақсат қою және оған жетудің жолдары;
- жаһандану және жаһандық азаматтық.

Тәлімгерлік:

- тәлімгермен сұхбаттасу;
- тәлімгерден шеберлік сабақтар алу және бірлесіп жұмыс атқару;
- Гала-концертке қорытынды нөмір, көрмеге сурет жұмыстары мен жобаларды дайындау.

Мақсатты аудитория:

Қазақстанның 14 облысынан, Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан 2000-нан астам 12-17 жас аралығындағы балалар мен жастар, 50 жоба финалистері.

Күтілетін нәтижелер:

- Академия шығармашыл дарынды жастарды анықтауға және ҚР өскелең ұрпағының әлеуетін жетілдіруге мүмкіндік береді (50 студент);
- Кез келген әлеуметтік жағдайдағы балалар мен жастар Академия шеңберінде жетекші өнер және ғылым қайракерлерімен кездесіп, озық білім тәжірибесін алуға және кәсіби шеберліктерін шыңдауға бірегей мүмкіндіктің берілуі;
- Академия білім беру, ғылым, мәдениет, ақпарат пен байланыс саласында ЮНЕСКО бағдарламаларының негізгі үздік компоненттерін енгізуге, сондай-ақ ҚР болашақ ұрпағының санасында ұлттық бірегейлікті орнықтыруға мүмкіндік береді (10-нан астам тренингтік бағдарламалар мен дәрістер);
- Академия бағдарламасы өз түлектерінің кәсіби тағдырларын анықтауға және еліміздің жетекші ЖОО-дарына түсуге дайындайды;
- Академияның үздік түлектері бюджеттік негізде ҚР колледждері мен ЖОО-ларына түсуге ұсынылатын болады;
- Шығармашылық Академия түлектері ҚР болашақ кадрлық резерві болады;
- Шығармашылық Академия көпшілік қауымның ҚР ұлттық мәдениеті, өнері мен ғылымын насихаттау мәселесіне назарын аудартады.

Шара өткізілетін уақыты мен орны:

2019 ж., 18 – 28 маусым, Алматы қ., Қазақстан.

2. БАЙҚАУДЫҢ ШАРТТАРЫ.

1) **Байқауға қатысу** құқығына 12-17 жас аралығындағы (шығармашылық және ғылыми номинациялар бойынша) және 18 жастан 65 жасқа дейін (еріктілер бойынша) Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО Клубтарының мүшелері ие болады;

2) Қатысушылар келесі **негізгі номинацияларға** бөлінеді:

- Көркемөнер (кескіндеме, мүсін, графика және дизайн);
- Хореографиялық (классикалық, халық және заманауи билер);
- Вокалдық (академиялық, эстрадалық және халық әндері);
- Аспапты (ішекті, пернелі, үрмелі, соқпалы және халық музыкалық аспаптары);

- Қарым-қатынас қабілеттері және ораторлық өнер (қоғамда сөз сөйлеу, іс-шараларды жүргізу, пікір-талас ойындары), жазбаша қабілеттер (әңгімелер, эссе, мақала, өлең жазу), мәнерлеп оқу, видеорепортаж).
- Ғылыми жұмыс және жоба жазу номинациясы (ғылыми жобалар, зерттеу жұмыстары және әлеуметтік жобалар)
- Еріктілер (волонтер) номинациясы. Еріктілердің қызметі (ұйымдастырушы комитеттің бір топтасы ретінде жобаны жүзеге асыруға көмектесу, тақырыптық тренингтер өткізу (көшбасшылық тақырыбы), қатысушылардың бос уақыттарын тиімді өткізуіне атсалысу, тимбилдинг);

3) **Байқау тақырыбы** – еркін;

4) Жұмыстар орыс және қазақ тілдерінде қабылданады.

5) Работы принимаются на русском и казахском языках.

6) Байқауға қатысу **жеке** негізде өткізіледі. Топтық жұмыстар (топтар) қабылданбайды.

7) Жоғары шығармашылық оқу орындарының студенттері байқауға қатысуға жіберілмейді.

8) Байқауға ұсынылған материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

9) Аталмыш байқауды өткізу үшін әр номинация бойынша тәуелсіз әділ қазылар алқасы құрылады.

10) Әрбір байқауға қатысушы қатысушы сертификатына, жоба финалистері Академияның білім беру бағдарламасына қатысу құқығына және дипломдарға ие болады.

11) Жетекші тұлғалар алғыс хаттармен марапатталатын болады.

12) Байқауға өтінім **2019 жылдың 15 қаңтарынан 15 сәуірге** дейін қабылданады.

Финалистерді іріктеу нәтижесі 2019 жылдың 16 мамырында жарияланатын болады.

Өтінім беру шарттары:

- сұраным формасын толтыру қажет (1-қосымша);
- байқауға қатысу және мотивациялық видео түсіру (еріктілер номинациясы үшін тек қана мотивациялық видео), сондай-ақ суретшілердің фото жұмыстарын және «қарым-қатынас қабілеті мен ораторлық өнер» номинациясы бойынша жұмыстардың электронды вариантын кез-келген файл алмасу қызметтері арқылы (мысалы: <https://drive.google.com>, <https://www.dropbox.com>, <https://disk.yandex.ru/>, <https://cloud.mail.ru/>, <https://www.icloud.com> және басқа) жазу және жүктеу немесе *youtube-та* орналастыру қажет;
- Еріктілер номинациясына қатысушылар тренингтердің оқу бағдарламасын ұсыну қажет (оқытушылар үшін);
- толтырылған сауалнаманы және видеоға сілтемені (суретшілер жұмыстарының фото суретін) artacademy.kazfuca@gmail.com электронды поштасына жіберу қажет;

*интернетке кіру мүмкін болмаған жағдайда, бейне және фото жұмыстар жазылған дискті толтырылған сауалнамамен бірге поштамен мына мекен-жайға жіберу қажет: 050046, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғылы 159, Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының кеңсесі, тел.: +7(727) 394-32-32, +7 700 394 3232, «IV Шығармашылық Академиясы» белгісімен.

Аспапшылар, вокалшылар, бишілер үшін шарттар:

1. Видео ұзақтығы – **3 минуттан аспауы тиіс**, осы уақытта конкурстық номерді көрсету қажет.
2. Мотивациялық видеоның ұзақтығы **1 минуттан аспауы қажет**, осы уақыт ішінде неге Сіз «Шығармашылық Академиясының» студенті болуға лайықты екендігіңізді креативті түрде баяндау қажет.

3. Видео форматы – толық еркін шығармашылық.
4. Шығармашылық байқауға арналған видео жіберілген күннен жарты жылдан ерте түсірілмеуі тиіс.
5. Видео көлемі - 100 МБ аспауы тиіс.
6. Аспаушылар үшін «плюс» фонограммасын пайдалануға рұқсат етілмейді. Қажет болған жағдайда нөмірді музыкамен сүйемелдеуге рұқсат етіледі.
7. Вокалшылар үшін «плюс» фонограммасын пайдалануға рұқсат етілмейді. Бэк-вокал партиясында жеке орындаушының негізгі партиясы қайталанатын фонограмманы пайдалануға тыйым салынады .

Бағалау критерийлері:

- композицияны орындау техникасы мен мәнері;
- ерекшелігі;
- әртістігі;
- нөмірдің қойылымы;
- репертуарды таңдауы және күрделілігі;
- костюмнің сахналық бейнесі және орындауына сәйкес костюмының болуы;
- қойылған нөмірдің композиция мазмұнына сәйкестігі;
- ынталы болу.

«Қарым-қатынас қабілеті және ораторлық өнер» номинациясы бойынша қатысушылар үшін шарттар:

1. Топ алдында сөйлеу және мәнерлеп оқу видеосы **3 минуттан** аспауы қажет, осы уақыт ішінде өзінің тыңдаушыларды баурау және ораторлық қабілетін дәлелдеуі керек;
2. Жарысқа жіберілетін қысқа әңгімелердің көлемі 5 000 белгіден (бос орындармен бірге) аспауы қажет. Тақырып – еркін. Шығарма Word форматында жолдануы тиіс, 1,5 интервал, Times New Roman шрифті, 14 кегль. Әңгімелеуші жолданған материалға өзінің авторлық құқыған кепілдендіреді.
3. Жарысқа жолданған эссе көлемі **1,5 беттен (3000 символ)** аспауы қажет. Тақырып – еркін. Шығарма Word форматында жолдануы тиіс, 1,5 интервал, Times New Roman шрифті, 14 кегль. Әңгімелеуші жолданған материалға өзінің авторлық құқыған кепілдендіреді.
4. Жарысқа жіберілетін видеосюжеттің ұзындығы – **3 минуттан** аспауы қажет. Тақырып – еркін, бейне мен дыбыстың сапасына аса назар аударылады. Видеороликтерді келесі форматта жіберу керек «MPEG-4», «MPEGPS», «WMV», «MOV», «3gpp», «FLV», «AVI», «WebM».

Бағалау критерийері:

- Таңдалған тақырып және оның толық ашылуы;
- Ойлау жүйесінің бірегейлігі;
- Баяндау үйлесімділігі, стиль және композиция;
- Автордың жеке пікірінің болуы;
- Жазу қабілетінің деңгейі;
- Дикция, ырғақ, дауыс интонациясы;
- Аудиторияны баурау қабілеті;
- Мотивация деңгейі.

Суретшілер үшін шарттар:

1. Мотивациялық видеоның ұзақтығы – **1 минуттан артық емес**, осы уақытта неге Сіз «Шығармашылық Академияның» студенті болуға лайықты екендігіңізді креативті түрде баяндау қажет.
2. Видео форматы - толық еркін шығармашылық.

3. Әрбір қатысушы байқауға еркін тақырыпта **3-тен аспайтын** жұмыс тапсырады.
4. Жұмыстар 2018 жылдың қыркүйек айынан бері жасалған болуы тиіс.
5. Фото жұмыс файлдарына қойылатын талаптар: 200 dpi кем емес, файл көлемі 2 МБ кем емес және 5 МБ артық емес *.jpeg, *.jpg пішімде рұқсат етіледі.

Бағалау критерийлері:

- ерекшелігі;
- идеяларды жүзеге асыруға креативті тәсілдерді қолдану;
- көркемөнер шеберліктерінің негіздерін меңгеру;
- орындау сапасы;
- ынталы болу.

«Ғылыми жұмыс және жоба жазу» номинациясының шарттары:

1. Мотивациялық видеоның ұзақтығы – **1 минуттан артық емес**, осы уақытта неге Сіз «Шығармашылық Академияның» студенті болуға лайықты екендігіңізді креативті түрде баяндау қажет.
2. Конкурстық видео – **3 минуттан артық емес**, ғылыми жұмысыңызды немесе жобаңызды қорғауыңыз қажет. Видеода қоғам алдында сөйлеу қабілеттері, тақырып, идея толық ашылуы қажет.

Ғылыми-жобалар келесі салаларда болуы мүмкін:

Химия-биология бағыты;

Физика-математика бағыты;

Техника және инженерлік модельдеу;

IT бағдарламалау.

Тақырып – еркін, видеоның сапасы және дауыс жазбасы жақсы сапада болуын

«MPEG-4», «MPEGPS», «WMV», «MOV», «3gpp», «FLV», «AVI», «WebM».

Бағалау критерийлері:

- таңдалған тақырыптың өзектігі және ашылуы;
- тақырыптың зерттелу деңгейі;
- баяндау стилі мен логикасы;
- дауыс ырғағы, дикция, дауыс екіні;
- аудиториямен байланыс;
- ынтаның болуы.

Еріктілер үшін шарттар:

3. Мотивациялық видеоның ұзақтығы – **1 минуттан артық емес**, осы уақытта неге Сіз «Шығармашылық Академияның» еріктісі болуға лайықты екендігіңізді креативті түрде баяндау қажет. Сондай-ақ еріктілік тәжірибеңіз, тренинг өткізу тәжірибеңіз, өткізе алатын тренингіңіздің тақырыбын және Академия студенттерінің бос уақытын қалай жоспарлайтыныңызды айтып беріңіз.
4. Видео форматы - толық еркін шығармашылық.
5. Академия бағдарламасына қосу үшін тренингтің идеясын еркін түрде жеткізу, қажетті материалдарды (құрал-жабдықтармен қоса) көрсету.
6. Тренинг бағдарламасы Word форматындағы құжат түрінде берілуі қажет.

Бағалау критерийлері:

- ерекшелігі;
- идеяларды жүзеге асыруға креативті тәсілдерді қолдану;
- ақпаратты жеткізу шеберліктерінің негіздеріне ие болу;
- ынталы болу.

3. ЖОБАНЫ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ:

1) Қатысуға өтінімдер қабылдау: 15 ҚАҢТАР – 15 СӘУІР 2019 жыл.

2) Іріктеу және әділ қазылар жұмысы: 13 – 15 мамыр 2019 жыл.

Финалға қатысушыларды іріктеу нәтижесі 2019 жылдың 16 мамырында жарияланады.

3) ЮНЕСКО Клубтары IV Шығармашылық Академиясының финалы: 18 – 28 маусым 2019 жыл.

Академияның 50 студенті анықталған соң, білім беру бағдарламасына, сонымен қатар тренингтер, шеберлік-сыныптар, дәрістер, мәдени бағдарламалар мен Алматы қ. бойынша экскурсияға қатысу үшін ресми шақыру жіберілетін болады.

«Академия» бағдарламасы аяқталған соң салтанатты марапаттау рәсімі және қатысушылардың Гала-концерті мен қорытынды көрме болады.

4. БАСҚА ШАРТТАР.

- Академияға қатысу кіру жарнасынсыз жүзеге асырылады ;
- Алматы қаласында қатысушылардың тамақтануы, тұруы, сонымен қатар делегацияны қарсы алу мен шығарып салу ұйымдастырушылар есебінен болады;
- Алып жүретін тұлға ЮНЕСКО Клубының хатшысы болып табылады. Егер, облыста ЮНЕСКО Клубы біреуден көп болса, жоба финалистері көп болған ұйым Хатшысы алып жүруші болып тағайындалады.
- Байқауға қатыса отырып, байқау қатысушылары осы Ережеде жазылған байқаудың барлық ережелері мен шарттарын сақтауға келіседі;
- Қатысушылар жіберген барлық жеке не басқа да ақпарат шыншыл, нақты болуы тиіс және кездейсоқ амалдармен жаңылыстырмауы тиіс;
- Байқауға қатысу үшін үміткерлер жіберген нақты емес, жалған ақпарат үшін, Ұйымдастырушының оларды жалпы іріктеуден шығаруға құқығы бар;
- Барлық финалистерге жобаның білім беру бағдарламаларына қатысуы үшін жобаның фирмалық атрибуттары (футболка) беріледі;
- Музыкалық, хореографиялық және вокалдық номинациялар финалистері қорытында Гала-концертке арналған сахналық киім мен аяқ-киімі болуы шарт. Олар алдын-ала Ұйымдастыру комитетімен келісіліп бекітіледі;
- Байқауға қатыса отырып, байқауға қатысушы фестивальға қатысу үшін жіберген жеке деректерді, бейне және аудио файлдарды, сондай-ақ фотоматериалдарды БАҚ беттерінде жариялауға келісетінін растайды.

Байланыс ақпараты:

050046, Қазақстан Республикасы, Алматы, Абай даңғылы 159, ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Қоры Спорт Сарайының әкімшілік қанаты, Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының кеңсесі.

Анықтама телефоны: +7(727) 394-32-32, +7 700 394 3232

E-mail: artacademy.kazfuca@gmail.com

Толық ақпарат <http://www.unescoclubs.kz> сайтында.



Бюро
в Алматы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ



1 қосымша

Kazakhstan
National Federation
of UNESCO Clubs
Қазақстандық
Ұлттық ЮНЕСКО
Клубтарының
Федерациясы



**ҚАЗАҚСТАН ЮНЕСКО КЛУБТАРЫНЫҢ ІІІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫНА
ҚАТЫСУШЫНЫҢ СҰРАНЫМ ФОРМАСЫ
18 – 28 маусым 2019 ж., Алматы қ.**

Тегі:	
Аты:	
Әкесінің аты:	
Туған жылы:	
Жынысы:	
ЮНЕСКО Клубы:	
KazFUCA мүшесінің паспорты №:	
Байланыс телефоны:	
e-mail:	
Номинация:	<input checked="" type="checkbox"/> Көркемөнер
	<input type="checkbox"/> Хореографиялық
	<input type="checkbox"/> Вокалдық
	<input type="checkbox"/> Аспапты
	<input type="checkbox"/> Қарым-қатынас қабілеті және ораторлық өнер
	<input type="checkbox"/> Ғылыми жұмыс және жоба жазу
	<input type="checkbox"/> Волонтерлік
Футболканың өлшемі	<input type="checkbox"/> XS <input type="checkbox"/> S <input type="checkbox"/> M <input type="checkbox"/> L <input type="checkbox"/> XL <input type="checkbox"/> XXL

СҰРАНЫМ БЕРУДІҢ СОҢҒЫ МЕРЗІМІ – 2019 жыл 15 сәуір

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!!! Қатысушылар жіберген барлық ақпарат шыншыл, нақты болуы және кездейсоқ амалдармен жаңылыстырмауы тиіс! Байқауға қатыса отырып, қатысушы осы Ережеде жазылған байқаудың барлық ережелері мен шарттарын сақтауға міндеттемелерді құптайды.